

Өзбекстан Республикасынан (бұдан әрі – ӨР) кілемдер мен кілем бұйымдары импортына акциздік алым енгізу немесе ӨР-ден әкелу кезінде қазақстандық кілемдер мен кілем бұйымдары үшін акциздік салықты төмендету бойынша «қарсы» шараларды қабылдауға қатысты

2011 жылғы 18 қазандағы ТМД еркін сауда аймағы туралы шартқа қосылу шеңберінде қабылданған ӨР міндеттемелеріне сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылған күннен бастап, осы күндердің қайсысы бұрын басталғанына байланысты, ӨР импорттық және өндірілетін жергілікті өнімге акциз мөлшерлемелерін теңестіреді.

Қазіргі уақытта ӨР (ӨР өндірілетін) кілемдерге акциз салығын қолданбайтынын ескере отырып, өтпелі кезеңнің қорытындылары бойынша ұқсас өнімнің импортына акциздің күшін жоюды күтуге болады.

Бұл ретте, Өзбек тарапының импорттық өнімге акцизді қолдану практикасын тоқтату мәселесі ұзақ уақыт бойы әртүрлі алаңдарда, оның ішінде ең жоғары деңгейде көтерілуде.

Соңғы жылдары ӨР акциздік саясаты айтарлықтай ырықтандырылғанын атап өту керек. ӨР бүгінгі күні СЭҚ ТН 10 белгісінің 1071 тауар позициясына қатысты акциздерді қолданады (3242-ге қысқарды), оның ішінде 508 тауар позициясы ауыл шаруашылығы, 563 - өнеркәсіп өнімдеріне жатады.

2019 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша акциз салуға жататын қазақстандық өнімнің 104 атауы ӨР-ге экспортталды, бұл ретте аталған тауарлар экспортының көлемі \$73,1 млн құрады.

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) ұлттық заңнамасында нақты елден жеткізілімдер белгілі бір тауар импортының жалпы көлемінің 30%-дан астамын алатын импорт серпіні оң болған жағдайда, шыққан елі бойынша акциздерді қолдану құқығы көзделгенін атап өткен жөн. Бұл ретте мұндай акциздерді тек ДСҰ-ға мүше емес елдерге қатысты белгілеуге болады. Өзбекстан осы елдерге жатады.

Кедендік статистиканың ресми деректеріне сәйкес өзбек кілемдерінің импорты (СЭҚ ТН кодтары 5701-5705) 2019 жылғы қаңтар-қарашада \$3,9 млн құрады, бұл ҚР осы тауардың жалпы импортының 9,2%, бұл ҚРдың заңнамасына сәйкес отандық өнімді қорғау үшін осы шараны пайдалану үшін жеткіліксіз.

ҚР мен ӨР арасындағы сауда-экономикалық қатынастарда айтарлықтай жақсы болуда, сондай-ақ өзбек тарапының акциздерді алу жөніндегі келіссөздер процесіндегі оң серпінді ескере отырып, өзбек тауарларына қатысты сауда шараларын қолдану өзбек тарапымен келіссөздер процесіне теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Үкіметі акциздерді, оның ішінде кілемдер бұйымдарының акцизін жою мәселесі бойынша келіссөздерді жалғастырады.

Құжаттарды қарау уақытын оңтайландыруға және тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындарын өтеу рәсімін оңайлатуға қатысты

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының өтемақысын алу рәсімі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің (бұдан әрі – ИИДМ) 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) регламенттелген.

Өтінімдерді ұсынылған құжаттардың толықтығына және сәйкестігіне қарау кезінде қолданыстағы Қағидаларда 7 жұмыс күні берілген. Өтініштерді қараудың қолданыстағы мерзімдері ұсынылатын материалдарды сапалы пысықтау мақсатында, атап айтқанда заңнамаға сәйкессіздіктерді, ықтимал тәуекелдерді анықтау, теріс салдарлардың туындауын болдырмау үшін олардың алдын алуды қамтамасыз ету мәніне құқықтық және қаржылық сараптама жүргізу үшін есептелген.

Қазіргі уақытта қолданыстағы Қағидаларға, оның ішінде шығындарды өтеу рәсімін оңайлатуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар әзірленуде.

Мақта талшығы құнының бір бөлігін субсидиялауға, мемлекеттік тапсырыспен қамтамасыз етуге, АЭА-дағы қолданыстағы тоқыма кәсіпорындарына преференцияларды бөлуге, тоқыма кәсіпорындарының айналым қаражатын жеңілдетілген пайызбен кредит беру мүмкіндіктерін қарастыруға қатысты

Субсидиялау мәселесі Үкімет деңгейінде бірнеше рет көтерілді, алайда, бұл шара қолдау таппады, өйткені ҚР шағын және орта бизнесті, оның ішінде жеңіл өнеркәсіп саласында қолдауды көздейтін кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға бағытталған, жеткілікті салық жүйесі және салықтық жеңілдіктер мен преференциялардың кең спектрі жұмыс істейді. Бұдан басқа, бұл шара нарықтық емес, сондай-ақ экономикалық орынсыз болып табылады, өйткені бюджеттен жылына 2-3 млрд теңге шығын әкеледі.

Сонымен қатар, кәсіпорындарды жүктеу мақсатында мемлекеттік қорғаныс тапсырысына жұмсақ мүкәммалды (жастықтар, матрацтар, төсек-орын жабдықтары, көрпелер, жамылғылар) қосу мәселелері пысықталуда.

Сондай-ақ жеңілдікті кредит беру тетігі бекітілді, онда «қарапайым заттар экономикасы» шеңберінде басым жобаларға кредит беру үшін тауарлар тізбесі қалыптастырылды. Аталған тізбе азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды, оның ішінде жеңіл өнеркәсіп өнімдерін қамтиды. Субсидиялау жылдық 15%-дан аспайтын номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар кредиттер бойынша жүзеге асырылады, оның 6%-ын жеке кәсіпкерлік субъектілері төлейтін болады, ал айырмасын мемлекет субсидиялайтын болады.

Жеңіл өнеркәсіп саласындағы басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде 2020 жылғы 30 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер 6,59 млрд теңге сомасына кредит алуға 30 өтінімді мақұлдады.

Теміржол тарифтерін төмендетуге және 50% мөлшерінде экспорттық өнімді тасымалдау құнын өтеуге қатысты

Теміржол көлігімен жеңіл өнеркәсіптің негізгі экспортталатын тауары мақта талшығы болып табылады.

2019 жылы экспорттық қатынаста 61,6 мың тонна мақта тасымалданды, бұл 2018 жылдан 30%-ға артық.

Негізгі жөнелту станциялары Манкент, Мақтаарал, Арыс 1 болып табылады, оларға мақта талшығын тиеу 75% келеді. Бұл ретте қазақстандық мақта экспортының 72%-ын алатын Молдова, Латвия, Қытай қазақстандық мақта талшығын импорттайтын негізгі елдер болып табылады.

Мәселен, Манкент (Қазақстан) – Рига (Латвия) бағыты бойынша теміржол тарифі 1 тонна үшін \$46,6 құрайды, оның ішінде Қазақстанға 1 тонна үшін \$7,6 келеді.

Бұл ретте, жүргізілген талдауға сәйкес мақта талшығын тасымалдау үшін Қазақстан бойынша теміржол тарифінің деңгейі орташа желілік өзіндік құнынан 2 есе төмен, осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан осы жүкті тасымалдауға қандай да бір жеңілдіктер беру экономикалық тұрғыдан орынсыз.

Сондай-ақ, егер индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі шығындарды шеккен жағдайда, «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ өтеуге ұсынылған соманың 50% мөлшерінде негізделген және құжатпен расталған шығындарды өтейтінін атап өтеміз.

Егер индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі тасымалдау бойынша шығындарды шеккен жағдайда, оның барысында көліктің бірнеше түрі пайдаланылған болса, онда көліктің әрбір түрі бойынша шығындардың бір бөлігі де өтелетін болады.